

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
PhD докторанты Жүзбаева Ұлданай Дүйсенқызының
«8D02209 - Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
«Әбул Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Азияның тарихи
географиясының дереккөзі» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына отандық ғылыми жетекші,
PhD Сабитов Жақсылық Мұратұлының**

ПІКІРІ

PhD докторант Жүзбаева Ұлданай Дүйсенқызының «Әбул Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Азияның тарихи географиясының дереккөзі» атты диссертациялық жұмысы ортағасырлық исламдық ғылыми дәстүрдің аса көрнекті өкілі Әбул Фиданың мұрасын, соның ішінде оның «Тақуим әл-Бұлдан» атты еңбегін кешенді тұрғыдан талдауға арналған. Бұл тақырыптың зерттелуі шығыстану мен тарихи география ғылымдары үшін өзекті әрі деректанулық маңызы зор.

Әбул Фиданың еңбегі тарихи дерек қана емес, сонымен бірге ортағасырлық ислам өркениетінің зияткерлік мұрасын айқындайтын бірегей мәдени-ғылыми феномен болып табылады. Оның шығармаларында тарихи хроника, географиялық мәліметтер, теологиялық пайымдар, саяси-әкімшілік тәжірибе және ағартушылық көзқарастар өзара ұштасып, әмбебап энциклопедиялық білім жүйесін құрайды. «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің Азия кеңістігінің тарихи географиясы тұрғысынан жүйелі түрде қарастырылуы отандық ғылымдағы олқылықтың орнын толтырады. Қазақстандық зерттеушілер үшін бұл тақырыптың жаңалығы – бұрын шетелдік шығыстанушы ғалымдардың еңбектерінде ғана талданған дереккөзді ғылыми айналымға енгізуінде.

Диссертация кіріспеден, үш мазмұнды тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші тарауда Әбул Фиданың шығармашылық мұрасының ауқымы, тұлғалық ерекшелігі, сондай-ақ «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегінің құрылымы мен зерттелу деңгейі қарастырылған. Автор еңбектің жанрлық және әдіснамалық ерекшеліктеріне тоқтала отырып, оның ортағасырлық ислам ғылымындағы орнын айқындаған. Екінші тарауда Азия құрлығына қатысты мәліметтер кешенді талданған. Мұнда Мәуереннаһр, Хорезм, Түркістан өңірлерінің тарихи-географиялық бейнесі қалпына келтіріліп, Жерорта теңізі аралдары мен Атлант мұхитының сипаттамаларына ерекше назар аударылған. Докторант Әбул Фиданың деректерін археологиялық және топонимикалық материалдармен салыстырып, тарихи реконструкция жүргізген. Үшінші тарауда XII–XIV ғасырлардағы араб географиялық әдебиеті талданып, Әбул Фиданың еңбегі исламдық және антикалық дәстүрлердің сабақтастығы тұрғысынан салыстырылған. Мұнда оның Ибн Хордабех, әл-Масуди, әл-Истахри еңбектерімен сабақтастығы мен

айырмашылықтары анық көрсетілген. Қорытынды бөлімде зерттеу нәтижелері жинақталып, «Тақуим әл-Бұлданның» исламдық географиялық ойдағы орны мен тарихи-ғылыми маңызы тұжырымдалған.

Ғылыми жаңалығы мен нәтижелері. «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі тек географиялық атлас ғана емес, XIV ғасырдағы кеңістіктік білімнің энциклопедиялық жинағы ретінде дәлелденген; Әбул Фиданың деректері алдыңғы ислам географтарының мәліметтерімен салыстырылып, нақтылығы мен жүйелілігі жағынан жаңа деңгейге көтерілгені көрсетілген; Мәуереннаһр, Хорезм, Түркістан аймақтарына қатысты деректер алғаш рет кешенді түрде тарихи және топонимикалық деректермен салыстырылып, тарихи реконструкция жасалған;


Жүзбаева Ұлданай Дүйсенқызының зерттеуі тек теориялық маңызға ғана емес, практикалық құндылыққа да ие. Әбул Фиданың өзі саяси қайраткер әрі мемлекеттік қызметкер болғандықтан, оның еңбегіндегі мәліметтердің әкімшілік және басқарушылық тұрғыдағы мәні зор. Бұл зерттеу нәтижелері шығыстану, тарихи география, деректану, этнология, сондай-ақ Қазақстан мен Орталық Азияның тарихын зерделеу үшін құнды.

Докторанттың жарияланымдық белсенділігі жақсы бағалауға лайық: зерттеу нәтижелерінің негізгі қорытындылары 10 ғылыми мақалада жарық көрген, оның ішінде Scopus деректер базасында индекстелетін халықаралық журналдағы бір жарияланым бар.

Қорытып айтқанда, Жүзбаева Ұлданай Дүйсенқызының «Әбул Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Азияның тарихи географиясының дереккөзі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мазмұнының тереңдігімен, деректік материалдарының кеңдігімен, әдіснамалық тұрғыдан негізделуімен ерекшеленеді. Зерттеу нәтижелері отандық шығыстану мен тарихи география ғылымдарының дамуына елеулі үлес қосады.

Осыған байланысты аталған диссертацияны «8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға толық негіз бар деп есептеймін.

Отандық ғылыми жетекші, PhD



Сабитов Ж.М.

«29» қыркүйек 2025 ж.

